

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚАЗАКЫ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Тұнғыш Президентіміз Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін Қазақстан деп аталатын елдің жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр түсінде осы елді, осы жерді қорғаған қайса жандардың әруагының алдында әрқашанда қарыздармыз», - деп атап көрсеткендей, алдымызда өз елінің нағызы ұлтжанды патроиттарын тәрбиелеуге бағытталған үлкен де жауапты жұмыстар тұр. Өйткені отаншылдық сезімі – ұлт рухы деңгейінің айнасы мен өлшемі. Олай болса, ғасырлар сурпынан өткен ұлттық құндылықтарынызды оку-тәрбие процесіне енгізу. Арқылы тұнып тұрган рухани қазынамызбен ескелен үрпақты сусындану басты парызымыз болмақ.



Рухани қазынамыздың халықтың өмірінде алатын орны ерекше. Халқымыздың салсанасын жаңғырту еліміздің ішкі жөне сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуі талап етеді. Ол әрі бүгінгі құннің талабынан туындалғыпты. Басты мәселеміз болып отырған ұлттық идея – халқымыз тудыран моральдық нормаларды, ұлттық құндылықтарды,

бекітілген патриоттық тәжірибелі ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптарды тану тарихты құрметтей арқылы жүзеге аспақ.

Алаш альптарының бірі де бірегейі, занғар ақын Мағжан Жұмабаев: «Жас бала – жас бір шыбық, жас қунінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» деген екен бір кездері.

Сол қайран ақын айтпақшы, бүгінгі жас үрпақты яғни еліміздің келешегі, жастарымызды ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тәрбиелу – ең езекті мәселенің бірі. О бастан тәрбие алған бала елінің өртөні болып қалыптасары сезсіз. Содан болса керек, Тұнғыш Президентіміз рухани жаңғыру туралы бағдарламалық мақаласында: «Ұлттық

салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жән жоралғыларымыз, бір сезбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызыда мәңгі қалуы тиіс», - деп көрегендікпен ой түйіндейді.

Айтылған мәселелеге бүгінгі құннің тұрғысынан қарар болсақ, егемен еліміздің бейбітшілігі мен бірлігін, ынтымағын сақтайтын жас үрпақтың бойына ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру ең маңызды мәселеміздің бірі десек болады.

Ұлтжандылық, отансүйгіштік рух – егемен еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, жер жаһандық қауымдастықтан өзіндік орнын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір факті. Сондықтан да ол баршамызға ортақ мәселелеге жатады.

**Ш.СЕМБИЕВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың аға
оқытушысы.**